- Бұйымды тағайындалуы бойынша қолданбау;
- Бұйым корпусында сериялық нөмірі бар сәйкестендіру тақтайшасының болмауы;
- Су құбыры желісіндегі қысым 5 бардан жоғары болған жағдайда сақтандырғыш клапанның алдында су қысымы редукторының болмауы;
- Су жылытқыштың аузында сақтандырғыш клапанның болмауы, оның зақымдануы немесе толып қалуы;
- Су жылытқыштың су толтыратын сыйымдылығында электрлік әлеуеттің болуы.

5. Қосымша ақпарат

Сатып алынған жабдықты орнату және оған үнемі сервистік қызмет көрсетілуі үшін біздің сервис орталықтарымыздың қызметін пайдалануды ұсынамыз. Біздің сервис орталықтарымыздың желісі арқылы Сіз су жылытқышына қосалқы бөлшектер мен жинақтаушы бұйымдарды, сонымен қатар қажетті техникалық ақпаратты алуыңызға болады.

Жеткізілетін жиынтық:

- Су жылытқышы;
- Сақтандырғыш клапаны;
- Кронштейн;
- Орнату және пайдалану жөніндегі нұсқаулық;
- Кепілдік талоны;
- Зауыттық қаптама.

Бұйымды орнату және пайдаланудың алдында қоса берілген нұсқаулықты мұқият оқыңыз.

Өндіруші: Аристон Термо СпА, Виале Аристиде Мерлони, 45, 60034 Фабриано (AN), Италия
Импорттаушы, өкілеттік ұйым: «Ariston Thermo Kazakhstan» (Аристон Тэрмо Қазақстан) ЖШС. Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050040, Тимирязев к., 42, «Экспо-Сити» кеңселік орталығы, 15/1А ғимараты, 2 қабат.

Өзіңізге ең жақын сервис орталығын табыңыз:
www.ariston.com
service.kz@aristonthermo.com
+7 (727) 266-48-54

ARISTON

ЖЫРТЫЛМАЛЫ ТАЛОН 1

Моделі		Сатушының мөрі
Сериялық нөмірі		
Сатылған күні		
Сатушы-фирма		

ARISTON

ЖЫРТЫЛМАЛЫ ТАЛОН 2

Моделі		Сатушының мөрі
Сериялық нөмірі		
Сатылған күні		
Сатушы-фирма		

ARISTON

ЖЫРТЫЛМАЛЫ ТАЛОН 3

Моделі		Сатушының мөрі
Сериялық нөмірі		
Сатылған күні		
Сатушы-фирма		

ARISTON

ЖЫРТЫЛМАЛЫ ТАЛОН 4

Моделі		Сатушының мөрі
Сериялық нөмірі		
Сатылған күні		
Сатушы-фирма		

Қабылдау күні		Сервис орталығының мөрі
Берілген күні		
Ақаулық		
Орындалған жұмыс		
Шебер (ТАӘ)		

Қабылдау күні		Сервис орталығының мөрі
Берілген күні		
Ақаулық		
Орындалған жұмыс		
Шебер (ТАӘ)		

Қабылдау күні		Сервис орталығының мөрі
Берілген күні		
Ақаулық		
Орындалған жұмыс		
Шебер (ТАӘ)		

Қабылдау күні		Сервис орталығының мөрі
Берілген күні		
Ақаулық		
Орындалған жұмыс		
Шебер (ТАӘ)		

ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

1. Осы нұсқаулық су жылытқыштың жеткізілім жинағына кіреді. Құрылғыны басқа тұтынушыға беретін және/немесе басқа жерге ауыстыратын жағдайлар үшін нұсқаулықты қолжетімді жерде сақтаңыз.
2. Осы нұсқаулықпен мұқият танысыңыз. Нұсқаулықта су жылытқышты орнату, пайдалану және қызмет көрсету барысындағы қауіпсіздік шаралары туралы қажетті ақпарат берілген.
3. Құрылғыны монтаждау тұтынушының есебінен жүзеге асырылады.
4. Құрылғыны тағайындалымынан тыс қолдануға қатаң тыйым салынады. Өндіруші фирма осы нұсқаулықтың талаптарын орындамаудың нәтижесінде орын алған ақаулары үшін жауапты емес.
5. Монтаждау және техникалық қызмет көрсету бойынша барлық жұмысты білікті маман қолданыстағы нормалар мен қағидаларға, сондай-ақ өндіруші фирманың талаптарына сәйкес орындауы тиіс.
6. Дұрыс орнатылмаған құрылғыны пайдалану жарақаттануға және мүлктің бүлінуіне әкелуі мүмкін. Өндіруші жабдықты дұрыс орнатпаудың салдарынан болған ақауларға жауапты емес.
7. Қаптау материалдарын (қысқыштар, полиэтилен пакеттер, пенополистирол және т. б.) балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Қаптау материалы денсаулыққа зиян.
8. Физикалық, сезімталдық немесе ақыл-ой қабілеттері төмен тұлғаларға (балаларды қоса алғанда) немесе олардың өмірлік тәжірибесі мен білімі болмаған жағдайда, және егер ол өздерінің қауіпсіздігіне жауапты тұлғаның бақылауында болмаса немесе құрылғыны қолдану жөнінде нұсқау берілмесе, құрылғыны пайдалануға болмайды.
9. Егер сіз аяқ киімсіз немесе Сіздің қолыңыз және/немесе аяғыңыз су болса, құрылғыны ұстамаңыз.
10. Жөндеу жұмыстарын білікті маман өндіруші фирма шығарған қосалқы бөлшектерді қолдана отырып орындауға тиіс. Осы талап сақталмаған жағдайда өндіруші өзінен барлық кепілді міндеттемелерді алып тастайды.
11. Ыстық судың температурасы қызып кетуден қорғау функциясын атқаратын термостатпен реттеледі.
12. Сумен қамту «Гидравликалық қосу» тармағына сәйкес орындалуға тиіс.
13. Электромонтаж «Электрлік қосу» тармағына сәйкес орындалуға тиіс.
14. Егер сақтандырғыш клапаны жинаққа кірмесе, оны модификациялауға немесе қолданыстағы талаптар мен нормаларға сәйкес келмейтін басқа клапанға ауыстыруға қатаң тыйым салынады.
15. Тез тұтанғыш заттарды жабдыққа тікелей жақын жерде сақтамаңыз.
16. Су жылытқыш тұрмыстық қолданысқа арналған техникалық құрделі электрлік құрылғы болып табылады.
17. Егер электрлік су жылытқышты орнату барысында тұрғын үйлердегі кісі тұратын және тұрмайтын ғимараттарды қайта жабдықтау (қайта құру) қажет болса, онда оны орнатуды белгіленген тәртіпке сәйкес рұқсаттарды алғаннан кейін ғана жүзеге асыруға жол беріледі.
18. Су жылытқышты көлік құралының ішіндегі соққылардың, жылжып кетудің және құлаудың алдын алу үшін мықтап бекіту арқылы тік немесе көлденең күйінде (моделіне қарай) жабық көліктің кез келген түрімен тасымалдау керек.
19. Су жылытқышты тиеу-түсіру жұмыстарының барысында соққы жүктемесіне ұшыратуға тыйым салынады.
20. Тасымалдау барысында қаптаманы қысқыштармен қармау қажет болса, қармауды қаптаманың мына белгі қойылған бүйір жағынан жүзеге асыру ұсынылады ➔|■|←.
21. Бұйымдар сақталатын қойма ғимараттарында +5°С-тан +40°С-қа дейінгі ауа температурасы мен +25°С тем пературада 80%-дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығы, ал одан төмен температурада ылғал конденсаты болмайтындай қамтамасыз етілуі тиіс.
22. Бұйым атмосфералық жауын-шашындардың әсерінен қорғайтын, ауасында қышқылдардың, сілтілердің және өзге қоспалардың булары кездеспейтін қойма ғимараттарында қаптамада сақталуы тиіс.

НҮСҚАУЛЫҚТА ҚОЛДАНЫЛҒАН ТАҢБАЛАР

БЕЛГІ	МАҒЫНАСЫ
⚠	Берілген талаптарды орындамау өлімге дейін апаратын ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін.
△	Осы талаптарды сақтамаған жағдайда мүлікке, өсімдіктерге немесе жануарларға залал келуі мүмкін
ⓘ	Қауіпсіз пайдаланудың жалпы талаптары мен қағидалары

ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАРЫ

№	Қағида	Қауіп	Символ
1	Су жылытқыштың корпусын ашпаңыз	Электр тоғының соғуы. Ыстық компоненттерін ұстағанда күйіп қалу. Өткір жиектері мен шығыңқы жерлерін ұстағанда жарақаттану	⚠
2	Желілік вилканы розеткаға тығу немесе суыру арқылы су жылытқышты қоспаңыз және өшірмеңіз. Бұл мақсатқа ажыратқышты қолданыңыз	Кабелі, вилкасы немесе розеткасы зақымдалған жағдайда электр тоғының соғуы.	⚠
3	Электр қуатын беретін кабелі зақымдалған су жылытқышты пайдаланбаңыз	Оқшаулағышы зақымдалған кернеулі сымдарды ұстағанда электр тоғының соғуы	⚠
4	Су жылытқыштың үстіне бөтен заттар қоймаңыз	Су жылытқыштың дірілдеу нәтижесінде заттар құлағанда жарақаттану	⚠
		Дірілдеу нәтижесінде бөтен заттар құлағанда оның астында тұрған құрылғының немесе заттардың зақымдалуы	△
5	Су жылытқыштың үстіне шықпаңыз	Құрылғы құлағанда жарақаттану	⚠
		Құрылғы құлағанда оның астында тұрған құрылғының немесе заттардың зақымдалуы	△
6	Су жылытқышты тазалар алдында вилканы розеткадан суырып немесе желілік ажыратқышты ажыратып, оны электр желісінен ажыратыңыз	Электр тоғының соғуы	⚠
7	Құрылғыны дірілдің күшеюіне әсер етпейтін мықты қабырғаға орнатыңыз	Шудың жоғары деңгейі	⚠
8	Электрлік қосылыстар үшін қимасы сәйкес тарамы бар кабельдерді қолданыңыз	Егер тарамдардың қимасы жеткіліксіз болса, онда кабельдер қызып кетеді. Бұл өртке әкелуі мүмкін.	⚠
9	Құрылғыны іске қосар алдында басқару және қорғаныс жабдықтарының бәрі қалыпты жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз	Бұзылған немесе ретке келтірілмеген жүйемен жұмыс істеу нәтижесінде құрылғының өшіп қалуы немесе зақымдалуы	⚠

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫНЫҢ ҚОСЫМША ҚАҒИДАЛАРЫ

10	Су жылытқыштың орнын ауыстырмас бұрын ыстық суды ағызып тастаңыз	Күйіп қалу	⚠
11	Сужылытқышты шөгіндіден тазалау сәйкес құжатта берілген нұсқаулыққа сәйкес орындалады. Ғимарат жақсы желдетілуі тиіс. Жұмысты әртүрлі компоненттерінің араласып кетуіне жол бермей, қорғаныс киімінде орындау керек. Су жылытқыш пен оның қосалқы объектілеріне тазалау құралдары түсіп кетпеуі керек	Теріге немесе көзге қышқылдар тиіп кетуінің, сондай-ақ тыныс жолдарына химиялық заттардың зиянды буларының кіріп кетуінің салдарынан жарақат	⚠
		Қышқылдармен әрекеттестіктің нәтижесінде туындаған тоттанудың салдарынан құрылғының немесе қоршаған объектілердің зақымдалуы	△
12	Су жылытқышты тазалау үшін инсектицидтерді, еріткіштерді немесе озбыр заттарды қолданбаңыз	Пластиктің және боялған бөліктерінің зақымдалуы	△

Сізді «Аристон Термо Групп» компаниясы шығарған электрлік су жылытқышты сатып алуыңызбен құттықтаймыз. Осы жабдық еуропалық сапа стандарттарына сәйкес жасалды және мәлімделген техникалық сипаттамаларға сай.
Су жылытқышты пайдалану оңай, жоғары тұтынушылық қасиеттерге ие және ұзақ уақыт пайдалануға болады. Ол сіздің көңіліңізден шығады деген үміттеміз.
Су жылытқышты дұрыс орнату және пайдалану үшін осы нұсқаулықты мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз.

1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

1.1. Жеткізілім жинағы және тағайындалымы
1.1.1. Су жылытқыш
1.1.2. Сақтандырғыш клапаны
1.1.3. Тіреуіш
1.1.4. Орнату және пайдалану жөніндегі нұсқаулық
1.1.5. Кепілдік талоны
1.1.6. Зауыттық қаптама
Осы құрылғы ғимараттың ішіне, тұрмыстық және шаруашылық ғимараттарына орнату үшін жасалған және бірнеше жерді (ванна, асүй, дәретхана) ыстық сумен қамту (ішуге арналмаған) және берілген температураны автоматты режимде әрі қарай сақтап қалу мүмкіндігімен суды қайнау нүктесінен төмен температураға дейін қыздыруға арналған. Судың қызу уақыты су жылытқыштың көлеміне және қыздырғыш элементінің қуаттылығына байланысты.

1.2. Негізгі элементтері
1.2.1. Ішкі бағы
1.2.2. Су жылытқыш өшіп тұрған кезде де жылуды барынша сақтауды қамтамасыз ететін пенополиуретаннан жасалған жылу изоляциясы
1.2.3. Қыздырғыш элемент (ҚЭҚ)
1.2.4. Суды қыздырудың қажетті температурасын қоюға мүмкіндік беретін температураны реттегіш
1.2.5. Су жылытқыштың ішіндегі судың қызу температурасын бақылаушы термостат
1.2.6. Су жылытқыштың суық су кірісіне орнатылатын сақтандырғыш клапаны су жылытқышта су болмауы кезінде судың суық сумен қамту магистраліне қайта ағып келуінің алдын алу және ішкі бакті шамадан тыс қысымнан қорғау қызметін атқарады
1.2.7. Магнийлі анод ішкі бакті тоттанудан қосымша қорғауды қамтамасыз етеді

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Модельдік қатары	**10**		**15**		**30**
Салмағы (кг)	**6,6**		**7,4**		**12,8**
Монтаж	**Шұңғылшаның үстіне**	**Шұңғылшаның астына**	**Шұңғылшаның үстіне**	**Шұңғылшаның астына**	**Шұңғылшаның үстіне**
Моделі	**См. идентификационную табличку**				
Qelec (kWh)	**2,442**	**2,691**	**2,462**	**2,675**	**2,640**
Жүктеу кестесі	**XXS**				**S**
L wa	**15 dB**				
η wh	**35,5%**	**32,9%**	**35,3%**	**33,0%**	**33,4%**

Осы бұйым IEC 60335-1 және IEC 60335-2-21 халықаралық электр қауіпсіздігі нормаларына сай.
Осы жабдық келесі талаптарға сай Кедендік одақтың техник алъщ регламентіне:
«Томен вольтті жабдықтың қауіпсіздігі туралы» ТРТС 004/2011
«Техникалық құралдардың электромагнштік үйлесімділігі» ТРТС 020/2011

2. ОРНАТУ

Назар аударыңыз! Су жылытқышты монтаждау мен баптауды қолданыстағы қағидалар мен санитариялық- гигиеналық нормаларға, сондай-ақ осы нұсқаулықта берілген талаптарға сәйкес білікті маман орындауға тиіс.

2.1. Су жылытқышты қабырғаға бекіту
2.1.1. Су жылытқышты тіреуіштің көмегімен негізгі қабырғаға орнатады. Жеткізу жиынтығына кіретін тіреуішті қабырғаға бекітіңіз. Су жылытқыштың артқы жағындағы монтаждау саңылауларын тексеріп алыңыз, қажет жағдайда су жылытқышты тіреуішке орнатуға кедергі болатын термооқшаулау қалдықтарын кетіріңіз. Аздап төменге қарай басып, су жылытқышты тіреуіштің дөңесіне орнатыңыз, тіреуіштің екі дөңесі де монтаждау саңылауларына кіруі қажет.
2.1.2. Дайындалған бекіткіш су толтырылған су жылытқыштың үш еселік салмағын көтере алуы тиіс.
2.1.3. Жылу шығынын азайту үшін құрылғыны су бөлетін тораптан ең аз қашықтыққа орнату керек (**A** 1-сур).
2.1.4. Техникалық қызмет көрсету үшін құрылғының астынан 50 см-ден, төбеден – 10 см-ден кем емес бос кеңістік қалдырыңыз.
2.1.5. Су жылытқыштар 2 түрде шығарылады: суды жоғарғы және төменгі жағынан жеткізу. Жоғарғы жағынан жеткізілген үлгілер соңында «U» немесе «UR» әрпімен белгіленеді.
2.1.6. Ыстық сумен қамту жүйесі бұзылған жағдайда тұтынушының және (немесе) үшінші тұлғалардың мүлкіне залал келтірудің алдын алу үшін су жылытқышты едендерінің гидроизоляциясы мен кәріз жүйесінің дренажы бар ғимараттарда монтаждау керек, және ешбір жағдайда судың әсеріне ұшырайтын заттарды су жылытқыштың астына қоюға болмайды.
2.1.7. Су жылытқышты қорғалмаған ғимараттарға орналастырғанда оның астына кәріз жүйесіне апаратын дренажы бар қорғаныс тұғырығын орнату қажет.

2.2. Гидравликалық қосу
Назар аударыңыз! Жеткізілім жинағына кіретін сақтандырғыш клапанды орнату міндетті талап болып табылады. Сақтандырғыш клапаны мен бактің аузына кез келген ілмекті арматураны орнатуға, сондай-ақ сақтандырғыш клапанының су ағызатын саңылауын жауып тастауға тыйым салынады.
Су жылытқышты сумен қамту жүйесіне қосу ажырамалы қосылыстардың көмегімен жүзеге асырылуы тиіс.

Стандартты қосу
2.2.1. Жеткізу жинағына кіретін сақтандырғыш клапанды (**A** 2-сур.) су жылытқыштың суық су кірісіне (көк сақинамен белгіленген) орнату қажет. Сақтандырғыш клапанды 3-4 айналымнан асырмай бұрауға және тығыздықты кез келген су оқшаулағыш материалмен қамтамасыз етуге кеңес беріледі.
2.2.2. Сақтандырғыш клапан аузындағы келте құбырды құбырдың немесе иілгіш шлангтің көмегімен суық су магистраліне жалғаңыз.
2.2.3. Ыстық суды су бөлетін жерге бүру үшін су жылытқыштың ыстық су шығатын жеріне (қызыл сақинамен белгіленген) құбырды немесе иілгіш шлангті жалғаңыз.
2.2.4. Суды төменнен жеткізетін үлгілерге қызмет көрсету ыңғайлы болу үшін су жылытқыштың суық су кірісі мен сақтандырғыш клапан арасына ілмекті шүмегі бар ұшайыр орнату қажет (**B** 2-сур.). Бұл сақтандырғыш клапанды шешпестен су жылытқыштағы суды төгуге мүмкіндік береді.
Бұл сақтандырғыш клапанды бөлшектемей, су жылытқыштың суын ағызуға мүмкіндік береді.
2.2.5. Суды төменнен жеткізетін үлгілерде суды ағызу кезінде бакке ауа кіруін жеңілдету үшін су жылытқыштан ыстық су шығатын жерге ілмекті шүмегі бар ұшайыр орнату керек.
2.2.6. Су жеткізу желісінің қысымы 5 бардан жоғары болғанда сақтандырғыш клапанының алдына су қысымының редукторын орнату керек.
2.2.7. Құрылғы кермектігі кем дегенде 12°F кем сумен жұмыс істеуге арналмаған. Кермектігі 25°F жоғары суда шегінді түзілуін және қыздырғыш элементтің бұзылу ықтималдылығын төмендету үшін жұмсартқышты қолдану қажет. Бұл жағдайда судың кермектігі 15°F кем болмауы қажет.

Су құйылған ашық резервуарға жалғау
2.2.8. Су жылытқышқа су резервуардан өздігінен келеді. Бұл жағдайда резервуар су жылытқыштың жоғарғы нүктесінен 2 метр жоғары орналасуы керек. Осылай қосылған жағдайда сақтандырғыш клапанның болуы міндетті емес.
2.3. Электрлік қосу
Назар аударыңыз! Құрылғыны электрлік монтаждауды қауіпсіздік техникасының қағидаларын сақтай отырып білікті маман орындауға тиіс. Өндіруші фирма жерге дұрыс тұйықтамаудың немесе электр қуатын беру көздерінің параметрлері дұрыс болмауының салдарынан құрылғының зақымдалуына жауапты емес.

2.3.1. Егер құрылғы электрлік кабелімен және вилкасымен бірге жеткізілсе – онда оны жай ғана электр қуатын беру көзіне қосыңыз.
2.3.2. Егер су жылытқыш электр қуатын беру кабелінсіз жеткізілсе, электрмен қамту желісіне қосу үшін сәйкес типті кабельді қолданыңыз (H05VV-F типті 3x1,5 мм^2, Ø 8,5 мм). Су жылытқыштың қақпағын ашыңыз. Электр қуатын беру кабелін құрылғының артқы жағында орналасқан саңылауға өткізіңіз және термостаттағы клеммаға жалғаңыз. Осыдан кейін әрбір сым сәйкес бұрандамен бекітілуі тиіс.
2.3.3. Су жылытқыш жерге тұйықталуы тиіс. Жерге тұйықтау схемасы су жылытқыштың корпусында электрлік күштің болмауын қамтамасыз етуге тиіс. Жерге тұйықтау сымын (сарғыш жасыл түсті) таңбамен белгіленген клеммаға жалғау керек. Электр қуатын беру кабелін кабель қысқыштардың көмегімен бекітіңіз.
Электр қуатын беру параметрлерінің сәйкестендіру тақтайшасында берілген су жылытқыштың техникалық сипаттамаларына сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз.

3. ҚОСУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ

3.1. Қолданысқа беру
3.1.1. Орталық сумен жабдықтау жүйесінің ыстық суын тоқтатыңыз. Су жылытқышты электр қуатын беру көзіне қоспас бұрын бакті міндетті түрде суға толтырыңыз. Ол үшін араластырғыштағы ыстық судың шүмегін, сосын су жылытқышқа суық су беру шүмегін ашыңыз.
3.1.2. Су жылытқыш толысымен араластырғыштан су ағады. Ернемектен су кетуін тексеріңіз. Қажет болғанда оны орталықтандырыңыз және ернемектегі сомындарды тартыңыз.
3.1.3. Араластырғыштағы ыстық судың шүмегін жабыңыз.
3.1.4. Құрылғыны электр қуатының көзіне қосыңыз.
3.1.5. Реттегіш тетігін сағат тілімен бұраң, су жылытқышты қосыңыз.

3.2. Температураны реттеу
3.2.1. Температураны іштей реттегішпен жарақтандырылған модельдерде судың қызу температурасы белгілерге сәйкес термостатқа жалғанған тетікпен реттелуі тиіс.
3.2.2. Қыздыру температурасын көтеру үшін тетікті сағат тілі бойынша және оны азайту үшін сағат тіліне қарсы бұрау арқылы температура орнатылады.
3.2.3. Индикаторлық шам қызу сатысында үнемі жанып тұрады және берілген температураға жеткеннен кейін сөніп қалады.
3.2.4. Егер модельдің температураны сырттан реттегіші болмаса, онда оны термостаттың реттегіш бұрандасын «+» және «-» белгілерімен белгіленген диапазонда бұрау арқылы орнатуға болады. Ол үшін су жылытқышты электр қуатын беру кезінен ажыратып, құрылғының пластик қақпағын шешу к е р е к.
3.2.5. Термостаттың реттегіш бұрандасын ең жоғарғысынан шамамен 75%-ға сәйкес келетін қалыпта орнату керек.
Аталған жағдайда аппарат шөгінді түзілу жылдамдығын барынша төмендете отырып, үнемдеу режимінде жұмыс істейді.

3.3. Қатуға қарсы функциясы
Реттегіш тетігін ❄ белгісіне бұраңыз (осы функциямен жабдықталған үлгілер үшін ғана). Назар аударыңыз: Бұл функцияның жұмыс істеу кезінде жабдықты электр қуатынан ажыратпаңыз.

4. ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ

Назар аударыңыз! Құрылғыны өз бетіңізбен жөндеуге тыйыспаңыз. Техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша барлық жұмысты қауіпсіздік техникасының қағидаларын, сондай-ақ осы нұсқаулықта берілген талаптарды сақтай отырып білікті маман орындауға тиіс.

4.1. Суды ағызу

Егер құрылғыны орнатқан жерде температураның 0°C-тан төмендеу ықтималдылығы болса, су жылытқыштағы суды ағызып тастау керек.

4.1.1. Құрылғыны электр қуатынан ажыратыңыз.

4.1.2. Құрылғының ішіндегі судың температурасы қауіпсіз екендігіне көз жеткізіңіз.

4.1.3. Су жылытқышқа суық су келетін жерді жабыңыз.

4.1.4. Бактің ішіндегі қысымды түсіру үшін араластырғыштағы ыстық су ағатын шүмекті ашыңыз.

Су төменнен жеткізілетін үлгілер үшін:

4.1.5. Бакке ауа кіруі үшін су жылытқыштан ыстық су шығатын жерге (қызыл сақинамен белгіленген) орнатылған ұшайырдағы ілмекті шүмекті ашыңыз. Ол болмаған жағдайда су жылытқыштың аузындағы қосылыстарды демонтаждау қажет.

4.1.6. Көріз жүйесіне бағытталған дренаж шлангін су жылытқышқа суық су құйылатын жерге (көк сақинамен белгіленген) орнатылған ұшайырдағы ілмекті шүмекке жалғаңыз және о н ы ашыңыз.
Ол болмаған жағдайда дренаж шлангін су жылытқыштың аузына орнату керек.

4.1.7. Суды ағызғаннан кейін су жылытқыштың ішінде су қалмағанына көз жеткізіңіз.

Су жоғарыдан жеткізілетін үлгілер үшін:

4.1.5. Суық су мен ыстық судың келетін құбырларын су жылытқышқа мұқият демонтаждаңыз.

4.1.6. Су жылытқышты шұңғылшаның, ваннаның немесе көлемі жағынан сәйкес келетін сыйымдылықтың үстінде аударыңыз.

4.1.7. Суды ағызғаннан кейін су жылытқыштың ішінде су қалмағанына көз жеткізіңіз.

Су жылытқыштың ішіндегі судың қатып қалуы қайтымсыз өзгерістер мен ақауларға алып келеді. Аталған жағдайда өндіруші өзінен барлық кепілдік міндеттемелерін алып тастайды.

4.2. Ішкі элементтерін ауыстыру

Жұмыстың алдында аспапты қуат көзінен ажыратыңыз, су жылытқыштың суын ағызыңыз. Аспаптың қақпағын ашыңыз. Термостатты ауыстыру үшін оны ұяшығынан қозғап, қуат желісінен ажыратыңыз. Қыздырғыш элемент пен магнийлік анодты ауыстыру үшін 4 сомынды бұрап, ернемекті шешіңіз.

Ауыстырғаннан кейін барлық компоненттердің өздерінің штаттық орындарына орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Ернемектің тесемін әрбір қайта жинақтау сайын ауыстырыңыз.

Жөндеу немесе қызмет көрсету бойынша көз келген операция алдында аспапты электр желісінен ажыратыңыз. Тек қана зауыт-өндірушімен шығарылған қосалқы бөлшектерді пайдаланыңыз.

4.3. Тұрақты қызмет көрсету

4.3.1. Магнийлік анод

Магнийлік анод су сыйымдылығы мен қыздырғыш элементін (ҚЭҚ) тоттанудан қорғау жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Магнийлік анодтың күйін ЖЫЛ САЙЫН тексеріп тұру қажет. Қатты тозған жағдайда магнийлік анодты ауыстыру қажет. Магнийлік анод тозып кеткен жағдайда (қалдық көлемі бастапқысының 30%-нан аз) су сыйымдылығы мен қыздырғыш элементінің кепілдігі жарамсыз. Магнийлік анодты (тот баспайтын болаттан жасалған су сыйымдылығы бар су жылытқыштарды қоспағанда) 24 айда кем дегенде 1 мәрте ауыстырып тұру қажет.

Магнийлік анод шығыс материалы болып табылады және кепілдік бойынша ауыстырылмайды.

4.3.2. Сақтандырғыш клапан

Сақтандырғыш клапан суық су магистралінде су болмаған жағдайда су жылытқыштағы судың қайтуының алдын алады; қызу нәтижесінде су көлемі артуынан ішкі бакта орын алатын артық қысымды суық су магистраліне және/немесе сақтандырғыш клапанның дренаждық саңылауы арқылы түсіреді (ішкі бак пен суық су магистралінде гі қысымның бір атмосферадан жоғары болатын айырмасында). Сақтандырғыш клапанның (артық қысымнан қорғау құрылғысы) бұғатталған немесе зақымдалған болмауын жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз. Қажет жағдайда оны айырбастаңыз немесе өктің қағын кетіріңіз.



Егер сақтандырғыш клапанның иінтірегі болса, оны көтеріп, клапанның ақаусыз жұмыс істеп тұрғанын тексеруге пайдалануға болады.
Қыздыру тәртібінде сақтандырғыш клапанның дренаждық саңылауынан су тамшысы пайда болуы мүмкін. Бұл судың қызу барысында жылып, ұлғаюымен байланысты табиғи процесс болып табылады. Сақтандырғыш клапанның дренаждық саңылауын көріз жүйесімен жалғауға кеңес беріледі.
Су құбыры желісінің 5 бардан жоғары қысымында сақтандырғыш клапанның алдына су қысымының редукторын орнату қажет.

4.3.3. ҚАҚ (қорғаныстық ажырату құрылғысы)

Егер аспап электр қуатының кабілінде орналасқан қорғаныстық ажырату құрылғысымен (ҚАҚ) бірге жеткізілсе, су жылытқыштың бағын суға толтырып, жүйенің бітеулігін тексергеннен кейін – су жылытқыштың электрлі ашасын розеткаға қосып, келесі әрекеттерді орындаңыз:



- ҚАҚ қорабындағы «RESET» түймесін басыңыз. Қуат берілгенін растайтын индикатор жанады. - «TEST» түймесін басыңыз. Кернеу берілуі тоқтап, қуат көзі индикаторы өшеді.
- «RESET» түймесін қайта басыңыз. Егер қуат көзі индикаторы жанса, бұл құрылғыны қауіпсіз пайдалануға болатынын білдіреді.
- Егер «RESET» түймесін басқаннан кейін қуат көзінің индикаторы жанбаса - жақын жердегі мамандандырылған сервис орталығына хабарласыңыз.



4.3.4. Қыздырғыш элемент (ҚЭҚ)
Құбырлы электрлік қыздырғыш (ҚЭҚ) электр қуатының жылу қуатына айналуы жолымен ішкі бактағы суды қыздыруға арналған.
Оның бетінде әк қағының (шөгіндінің) пайда болуы жылу берудің нашарлауына, қызып кетуге және қыздырғыш элементтің уақытынан бұрын істен шығуына әкелуі мүмкін. Жүйелі түрде тексеріп, және қажет жағдайда оның бетіндегі қақты қақ кетіретін құралдың көмегімен кетіріп тұрыңыз.
Қыздырғыш элементінің кепілдігі бір немесе бірнеше талаптар орындалмаған жағдайда жарамсыз:
- судың кермектігі 25°F жоғары;
- ҚЭҚ бетіндегі қақ қабатының қалыңдығы 5 мм көп;
- Магнийлік анодтың қалдық көлемі бастапқысының 30%-нан аз.

4.4. Назар аударыңыз
4.4.1. Дұрыс қоспаудың немесе осы нұсқаулықтың талаптарын сақтамаудың салдарынан келтірілген залалға өндіруші жауапты емес.
4.4.2. Сантехникалық жеткізу және ілмекті арматура су құбыры желісінің параметрлеріне сай болуға тиіс.
4.4.3. Су жылытқыш тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі электрлік құрылғы болып табылады.
4.4.4. 50°C-тан жоғары ыстық су өлімге әкелетін қатты күйіктер туындатуы мүмкін. Балалар, ерде жастағы адамдар мен денсаулығы әлсіз адамдар үшін күйік алу қаупі тым жоғары.
4.4.5. Су жылытқыштан су тамшылауы мүмкін, сондықтан оның астына құнды заттар мен киімдерді қалдырмаңыз.
4.4.6. Егер құрылғыны орнатқан жердің температурасы 0°C-тан төменге түсу ықтималдылығы болса, су жылытқыштың ішіндегі суды ағызып тастау керек.
4.4.7.Су жылытқышты монтаждау мен қосу сатып алушының есебінен жүзеге асырылады.
4.4.8. Бұйымның сыртқы корпусындағы жылу изоляциясының іздері өндірістік процесстің технологиялық ерекшелігі болып табылады және ақауына жатпайды.
4.4.9. Құрылғыны барлық жөндеу жұмыстарын және қызмет көрсетуді су жылытқышты электр қуаты көзінен ажыратқаннан кейін жүргізу керек.
4.4.10. Барлық ақауларын тек жөндеу ұйымының мамандары жояды.
4.11. Ақауы туындаған жағдайда су жылытқышты электр қуаты көзінен ажыратыңыз, суық су келетін жерді жабыңыз және сервистік қызметке ақауы жөнінде хабарланыз.
4.4.12. Сервистік орталыққа жүгінер алдында оның ақауы сумен қамту немесе электр қуатын беру жүйелерінің іркілістеріне байланысты емес екендігіне көз жеткізіңіз.
Кепілдік қызмет көрсетудің барлық мәселелері бойынша жақын жердегі авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

4.5. Тыйым салынады
4.5.1.Су жылытқыштың конструкциясын өзгертуге.
4.5.2. «Жинақтауыш электр су жылытқышын орнату бойынша кеңестер» бетінде келтірілгенінен өзгесінде су жылытқышты орнатудың басқа сұлбаларын қолдануға.
4.5.3. Су жылытқышты тағайындалымынан тыс қолдануға.
4.5.4. Су жылытқышты пайдалану кезінде қисайтуға, жылжытуға немесе аударуға.
4.5.5. Сақтандырғыш клапанының су ағызатын саңылауын жабуға немесе бітеуге.
4.5.6. Егер су жылытқышта су жоқ болса, электр қуатын қосуға.
4.5.7. Электр қуаты қосылып тұрғанда құрылғының пластик қақпағын ашуға.
4.5.8. Жерге дұрыс тұйықталмаса немесе мүлдем тұйықталмаса су жылытқышты қосуға.
4.5.9. Жылу немесе суық және ыстық сумен қамту құбырларын жерге тұйықтау мақсатында қолдануға.
4.5.10. Электр қуатына қосу үшін ұшайырларды, ұзартқыштарды және жалғастырғыштарды қолдануға.
4.5.11. Қыздырғыш элементі немесе термостаты бұзылғанда су жылытқышты қосуға.
4.5.12. Су жеткізу желісінің қысымы 5 бардан жоғары болғанда су қысымының редукторсыныз су жылытқышты қолдануға.
4.5.13.Су жылытқышты ең жоғары қысымында 80°C –тан асатын температураға арналмаған құбырларға және фитингтерге жалғауға.
4.5.14.Су жылытқышты сақтандырғыш клапанынсыз немесе сипаттамасы жинақпен жеткізілетін клапаннан басқаша клапанмен су құбыры желісіне қосуға.
4.5.15.Сақтандырғыш клапанын су жылытқыштан ыстық су шығатын жерге жалғауға.
4.5.16.Құрылғыны желдетілмейтін және ылғалды ғимараттарға орнатуға.
4.5.17.Су жылытқышты 0-ден төмен температураларда пайдалануға.
4.5.18.Құрылғыны тікелей күн сәулесінің астына қалдыруға.
Өндіруші алдын ала ескертусіз бұйымның конструкциясына, дизайнына, жинағы мен басқа да сипаттамаларына аздаған өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Осы бұйым WEEE 2012/19/EU Директивасының талаптарына сай
Үсті сызылған қоқыс себетінің таңбасы қолданыстағы заңнаманың нормаларына сәйкес осы бұйымды тұрмыстық қалдықтардан жеке кәдеге жарату керек екендігін білдіреді.
Тұтынушы жабдықты дұрыс кәдеге жаратуға жауапты, осы арқылы қоршаған ортаны қорғауға ықпал етеді және бұйым жасалған материалдарды қайта қолдануды қамтамасыз етеді.

Идентификационная табличка
Data plate



1. Торговая марка
2. Серийный номер или код модели
3. Модель
4. Материал бака
   Fe+Enamel - сталь с эмалевым покрытием
   Inox или Stainless Steel - нержавеющая сталь
5. Максимальное давление
6. Объем
7. Номинальная мощность
8. Напряжение
9. Частота тока
10. Страна-изготовитель
11. Класс защиты

1. Brand
2. Serial number or product code
3. Model
4. Tank material
   Fe+Enamel - enamel steel
   Inox or Stainless Steel - stainless steel
5. Maximum pressure
6. Volume
7. Rated power
8. Voltage
9. Current frequency
10. Country of origin
11. Protection rating

Серийный номер
Serial number



Рекомендации по монтажу накопительного электрического водонагревателя
Recommendation on the storage water heater installation













Installation scheme - Схема установки

Above-sink - Над раковиной



MOD.	10	15	30
A	360	360	447
B	298	346	410
C	144	144	165
D	92	78	114

Under-sink- Под раковиной



MOD.	10	15
A	360	360
B	298	346
C	144	144
D	92	78

Installation scheme - Схема установки

Above-sink - Над раковиной



MOD.	10	15	30
A	360	360	447
B	276	324	389
C	144	144	165
D	92	78	115

Under-sink- Под раковиной



MOD.	10	15
A	360	360
B	276	324
C	144	144
D	92	78

Installation scheme - Схема установки

Above-sink - Над раковиной



MOD.	10	15	30
A	360	360	447
B	276	324	389
C	144	144	165
D	92	78	115

Under-sink- Под раковиной



MOD.	10	15
A	360	360
B	276	324
C	144	144
D	92	78


1
A


2
B
A
C
D


3
F


4
A
A


5
N
R


6
M
T


7
M
F
A
C
B
ARISTON
M
F
A
C
B
ARISTON
M
F
A
C
B
ARISTON

WE MAKE USE OF
RECYCLED PAPER

Ariston Thermo S.p.A.
Viale Aristide Merloni, 45
60044 Fabriano (AN)
Tel. (+39) 0732.6011
ariston.com

420010678804 10/2018